**БЕКІТЕМІН**

**«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»**

**МКҚК меңгерушісі**

**К.С.Медеуова**

**«27» тамыз 2021 ж**

**Орыс топтарында қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

**Организованная учебная деятельность по русскому языку в русских группах**

| Апта күндері | 1-апта | 2-апта | 3-апта | 4-апта |
|---|---|---|---|---|
| Дүйсенбі | № 7 «Солнышко» старшая группа 9.45 | № 7 «Солнышко» старшая группа 9.45 | № 7 «Солнышко» старшая группа 9.45 | № 7 «Солнышко» старшая группа 9.45 |
| Сейсенбі | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 |
| Сәрсенбі | | | | |
| Бейсенбі | №8 «Улыбка» Средняя группа 9.45 | №8 «Улыбка» Средняя группа 9.45 | №8 «Улыбка» Средняя группа 9.45 | №8 «Улыбка» Средняя группа 9.45 |
| Жұма | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 | №9 «Красная шапочка» Предшкольная подготовительная группа 9.45 |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С.Кулжанова

# Циклограмма

Ортаңғы топ

**Қыркүйек айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Менің балабақшам** Мақсаты:Сөйлеуді дамыту. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйрету:Амандасу және коштасу .Қызықты ойындар арқылы тіл үйренуге деген ынталарын арттыру.Балабақша өміріне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | Балабақша бейнеленген сюжетті суретті көрсету арқылы балаларға өздерінің тәрбиеленіп жатқан балабақшалары турады әңгімелеу. Мынау-балабақша. Балабақша үлкен, әдемі, қос қабатты. Аулада гүлдер өсіп тұр. Балабақша- детский садик, тамақ ішемін-кушаю,ойнаймын-играю | **д\о Балабақша** Мақсаты: Балаларды суреттер бойынша әңгіме,сөйлем құрастырып дұрыс айтуға үйрету. Ойын барысы: Ойын суреттер мен ойналады. Балалар қазақ тілінде өзі тандаған суреттерді қазақ тілі бойынша атауларын атау керек. | Қане, қатар тұрайық<br>Қасқыр қапан құрайық<br>Қасқыр,қасқыр келіп көр<br>Қақпан, қақпан қауып көр | Мен бақшағабарамын<br>Ойнаймын,ән саламын<br>Тәрбиеші әпкелер-<br>Досы барлық баланың<br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>Бақ,бақ,бақ-бақша<br>Мі,мі,мі-әдемі<br>Ты,ты,ты-қабатты |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Менің достарым** Мақсаты:Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.Қазақ тіліндегі сөздерді және сөйлемдерді түсініп, қолдануға үйрету. | Дос, достық дегеніміз адамдар арасындығы жақсы қарым - қатынасты, бір - біріне деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімін айтамыз. Достар бір - бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір - бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады. | **«Дұрыс ата»** Мақсаты: Балалардың аңғарымпаздық қасиетін дамыту, тез ойланып шешім қабылдауға үйрету. Ойын мақсаты: Әр сурет топтамасы бойынша жауап бере білуге үйрету.Сөздік қорларын молайту.Көру ,есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. | Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәрімізжүрсекайналып,<br>Киізүйбопкөрінер. | Дос дегенің өмірдегі тірегің,<br>Дос дегенің кеудедегі жүрегің.<br>Егердосыңадалниетжанболса,<br>Орындалафармандағантілегің!.<br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>Ым-ым-ым-досым<br>Тық-тық-тық-достық |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С.Күлжанова

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Қазан айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Менің отбасым ,ата-аналар еңбегі** Мақсаты:Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын ояту. Өз отбасы мүшелерін атай алуға жаттықтыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. | Балаларды отбасы мүшелерімен таныстыру. Ата,әже, ана, әке сөзінің мағынасын түсіндіру. Ата-дедушка, әже-бабушка, ана-мама, әке-папа | **«Менің отбасым»** Мақсаты: Отбасы жайлы білімдерін тиянақтау. Қазақ тілінде отбасы мүшелері туралы сөздерді есте сақтауға үйрету.Ойын мақсаты балалар саусақтарына қуыршақтарды киіп (саусақ театрын пайдаланып) отбасы мүшелерін атайды: | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br>Жиналған барлық жылуларды<br>Қонақтарға шашайық | Әже<br>Әжемдей данадан<br>Ертекке қанамын<br>Шақырса даладан<br>Жүгіріп барамын<br><br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>**Ә-ә-ә-әже**<br>**А-а-а-ата**<br>**А-а-а-ана** |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | **Менің көшем**<br>Мақсаты:Жаңа сөздерді пайдаланып,сөйлемқұрай білуге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру:жол жүру ережелерін үнемі сақтау қажеттігін ұғындыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Макеттен көшеде кездесетін заттарды көрсете отырып, аттарын атауға үйрету. Мынау- көше. Көшеде жол, бағдаршам, аялдама,ағаш, үй, балабақша бар. Жол-дорого, бағдаршам-светофор, үй-дом, балабақша-садик | **«Тазалық құралдары»**<br>Мақсаты:Тазалық құралдарын ажыратып айтуға үйрету.Сөздердегі тән дыбыстардың дұрыс қолданылуын қадағалау.Балаларды тазалыққа баулу. | Мәшинем оталды<br>Орнынан қозғалды<br>Жолымды байқаймын<br>Асықпай айдаймын | **Бір басы мен өзі бар**<br>**Алыптың үш көзі бар**<br>**Көп сөйлемес бұл дәудің**<br>**Үш ақ ауыз сөзі бар**<br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>Бағ,бағ,бағ-бағдаршам<br>Тоқ,тоқ,тоқ-тоқта<br>Ше,ше,ше-көше |

Бекітемін:
Әдіскер
___________Г.С.Күлжанова

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Қараша айы**

| **Р/С** | **Мақсаты** | **Жаңа сөздер мен сөйлемдер** | **Дидактикалық ойындар** | **Сергіту сәт** | **Өлеңдер,фонетикалық жаттығу** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Алтын күз**<br>Күзгі табиғат ерекшелігін түсіндіріп,күз айларын дұрыс айту.Сөздік қорларын байыту,дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. | Аспанды бұлт қаптады.Жаңбыр жауды.Ағаштың жапырақтары түсті.Құстар ұшып кетті.Балалар қолшатыр ұстады.<br>Жапырақтар түсе бастады.Күн салқындай бастады.<br>Күз- осень.<br>Жаңбыр-дождь,<br>жапырақтар-листья | **«Жасырынбақ» д\о**<br>Балалар дыбыс білдірией тыныш отырады,бір баланың көзіне орамал байлап балалардың орынын ауыстырып,сыйпау арқылы табу. | **«Көңілді күлкі»**<br>Біздің күлкіміз көңілді,<br>Жеткізсін жылумен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім, бақытты. | Алтын сары, қызыл,көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп<br>Көз тартады атырап<br>**Фонеткалық жаттығу:**<br>Үз,үз,үз-күз<br>Үй-үй-үй-күй<br>Үс-үс-үс-түс |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жемістер мен көкөністер**<br>Жемістер мен көкөністер ажырата білуге үйрету.Сөз арасында дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.Есте сақтау қабілеттерін арттыру.Қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз. Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.<br>Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т. б. жатады.<br>Жемістер-фрукты, көкністер-овощи | **«Себетке сал» д\о**<br>Жемістер мен көкөністер дің муляждарын балаларға таратып береді.Ортаға екі себет қойып,қай себетке жемістер мен көкөністер салу керектігін түсіндіру. | **«Көңілді күлкі»**<br>Біздің күлкіміз көңілді,<br>Жеткізсін жылумен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім, бақытты. | Мен - алмамын, алмамын<br>Таңдай татар бал дәмім<br>Мына тәтті бал-дәмді<br>Дастарқандарыңа арнадым.<br>**Фонетикалық жаттығу:**<br>**А-а-а-алма**<br>**Міс-міс-міс-жеміс**<br>**Көк-көк-көк-көкініс** |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С.Күлжанова

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Желтоқсан айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Менің Қазақстаным** Туған ел туралы түсінік беру.Республикамыздағы бас қалалар,оның көркемділігі туралы айту. Туған елге деген сүйіспеншіліктерін ояту арқылы,қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.Өлең шумақтарын жаттау. | Тәуелсіздік мерекесі туралы түсінік бере отырып, «Отан» өлеңін еске түсіріп,айтқызу. Қазақстанның туы,елтаңбасы, әнұраны, картасымен таныстыру. Тәуелсіздік-независимость, рәміздер-символы, ту-флаг,қала-город,қыран-орел,жұлдыз-звезда | **«Біз саяхатқа барамыз»** Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп топтагы Қазақстан туралы безендірілген бұрыштағы көріністі тамашалату.Балалардың түсінігін кеңейту. | Тату болсын еліміз,<br>Бүтін болсын жеріміз.<br>Бір шаңырақ астына,<br>Жиналайық, келіңіз! | Менің елім алып-ел,<br>Бар ғой онда бәрі де<br>Өзен де бар, көлде бар,<br>Теңізде бар,шөл де бар.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Қа-қа-қа-қазақ<br>Қаз-қаз-қаз-ақзақстан<br>Тә-тә-тә-тәуелсіздік |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаңа жыл келді**<br>Жаңа жыл мерекесіндегі кейіпкерлердің қазақша аттарын үйрету.Суретке қарай отырып әңгіме құрастыру.Сөйлеу мәдениеттіліктерін қалыптастыру. | Балалармен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу.<br>-Жақында Жаңа жылды қарсы аламыз. Шырша құрасыз,меркеге Аяз ата мен Ақшақар қыз келеді.<br>Шырша-елка,Жаңа жыл-новый год,Аяз ата- Дед Мороз, сыйлық-подарка, қыс-зима. | **«Шыршаны әсемдеу»**<br>Шыршаны ортаға қойып балаларға безендіру үшін ойыншықтарды беріп ,балалар өз ойларымен әсемдейді. | Аппақ,аппақ,қар жауды<br>Ұмытайық жаурауды<br>Қолдарыңды беріңдер<br>Секірейік, келіңдер | Жаңа жыл келді<br>Аспан жерге төгеді<br>Ақ күмісін уыстап<br>Жаңа жыл да келеді.<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Қар-қар-қар-қаршақыз<br>Сый-сый-сый-сыйлық<br>Ңа-ңа-ңа-жаңа жыл |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Қаңтар айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қысқы тақпақтар**<br>Балалардың сөздік қорларын молайту.Тақпақтар жаттата отырып есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | «Қар,мұз,жұмсақ, қатты,мөлдір» сөздерінің мағынасын түсіндіру, айтқызып жаттықтыру.<br>Қыс-зима, тақпақтар-стихотворение, мұз-лед, қар-снег, аппақ-белый | **«Жылы суық»**<br>Балалар шағын топқа бірігеді.Әр топқа қағаз беті беріледі.Жүргізуші бір бірлеп сурет көрсетеді сол суреттерді қағаздарынан тауып белгілей отырып жылы немесе суық екендігін айтады. | Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды<br>Мұз болады, қатады<br>Жып жылтыр боп жатады | Жапалақтап ала қар<br>Жауды күнде қайталап,<br>Қырға шықты балалар,<br>Шаңғыларын арқалап.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Пақ-пақ-пақ-тақпақ<br>Мөл-мөл-мөл-мөлдір<br>Мұз-мқз-мұз-мұздай |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыс келді**<br>Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді қолданып, қазақша сөйлеуге деген ынталарын арттыру. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. | «Қар,мұз,жұмсақ, қатты,мөлдір» сөздерінің мағынасын түсіндіру, айтқызып жаттықтыру. Қысқы ойындармен таныстыру. Қыс-зима, шана-санки, шаңғы-лыжи,аққала-снеговик | **«Қар жинау».**<br>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада екі топқа да бірдей етіп қар үйіледі. Берілгенбелгібойыншашелеккеқарды толтырукерек.<br>. | Ауыл маңы қар аппақ,<br>Қызықтар көп не түрлі.<br>Ақ дәптерді парақтап,<br>Қыс отырған секілді | Кіріп келді **қыс** айы,<br>Көп күттік бұл айды.<br>**Қыс**та жауар аппақ қар,<br>Ұшар шанада балалар.<br>Аспан аппақ жер тайғақ,<br>Жауар тағы қар аппақ<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Ша-ша-ша-шаңғы<br>Ша-ша-ша-шана<br>Мұз-мұз-мұз-мұздай |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Ақпан айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Аққала**<br>Қыс мезгілінің ерекшелігін балаларға түсіндіру.<br>Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру.<br>Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | «Қар,мұз,жұмсақ, қатты,мөлдір» сөздерінің мағынасын түсіндіру, айтқызып жаттықтыру.<br>Қысқы ойындармен таныстыру.<br>аққала-снеговик | **«Аққаланы құрастыру»д/о.**<br>Ойын шарты:<br>Қиып дайындалған аққаланың денелерін тақтаға апарып ретімен орналастыру керек. Балалардың көздері байлаулы болады.Ойын осылайша жалғасады. | Балалар шықты далаға,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы соғады. | Мұнау тұрған аққала,<br>Айнымаған ақ бала,<br>Мұрны сәбіз сорайған<br>Көзі көмір қап-қара<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Ақ-ақ-ақ-аққала |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Үй жануарлары**<br>Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасымаңызы, туралы түсінік беру. Олардыңтүрлерінбір – біріненажырату. | Үй жануарлары туралы түсінік беру. Мыналар-қой,ешкі,жылқы, сиыр. Жануарлардың төлдеріне тоқталып кету. Сиыр-корова, қой-овца, жылқы-лошадь | **«Дауысынан таны» д/о**<br>Үй жануарларының дыбысын тыңдатып, қай жануар екенін анықтатады. | Шөре - шөре лағым,<br>Тентек болма шырағым.<br>Секектеме деміңді ал,<br>Селтеңдемей құлағың. | Ақ бұзауым ұнайды<br>Мө - мө деп сүт сұрайды.<br>Келеді өсіп күн сайын,<br>Тұмсығын созып қарайды<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Ақ-ақ-ақ-аққала |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Наурыз айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көктем келді**<br><br>Табиғат әсемдігін бағалай білуге, адамгершілікке,Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Балалардың сөздік қорын байыту. Құстарға, ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. | Көктем мезгілінде келетін құстарды айту, көктем мезгілін балаларға суреттер арқылы көрсету бейнелеп беру. Көктем айларымен таныстыру. Наурыз Сәуір Мамыр Көктем-весна, күн жылынды-дни станут теплыми,қар ериді-тает снег, науры-март, сәуір-апрель, мамыр-май | **«Қай мезгіл?» д/о.** Балаларға әр мезгілдің белгілері бейнеленген суреттерді таратып береді, олар бір – бірден шығып сөйлем құрайды. | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br>Жиналған барлық шуақтарды<br>Қонақтарға шашайық | **Көктем** болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады,<br>Бақшаға гүлдер толады.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Кө-кө-кө-көктем<br>Құс-құс-құс-құстар |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Наурыз мерекесі**<br><br>Балаларға қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. | ТілекКөрісу<br>Наурыз көже,<br>Наурыз тойы,<br>Ұлттық ойындар<br>Бата, Бесікке салу, тұсау кесу туралы балаларға әңгімелеп беру.<br><br>-Жаңадан шөп шығады<br>-Ағаштар жаңадан бүр жарады<br>-Жан жануарлар төлдейді<br>- Табиғатты жаңа өмір басталады | **«Тақия тастамақ»** д/о. Сөзін жаттатады. Бір баланың қолына тақия береді, ол балаларды сыртынан айналып жүреді де біреудің тұсына келгенде тақиясын тастап, сол орынға бірінші келу үшін жылдам басып шеңберді айналып келу керек. | Шуақ шаша,<br>Алтын таңда<br>Мөлдір таза ауада.<br>Табиғаттабәріояндық,<br>Оян сен де бар бала. | Наурызкелдіеліме,<br>Наурызкелдіжеріме.<br>Байлық, бақыттілеймін<br>Бүкілқазақеліне.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>**Кө-кө-кө-көже**<br>**Жа-жа-жа-жаңа**<br>**Ме-ме-ме-мереке** |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш

# Циклограмма

Ортаңғы топ

**Сәуір айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көктем тақпақтар**<br><br>Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беріп, тақпақтар жаттатқызу арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. | Көктем мезгілі туралы өткендерді түйіндеу. Суреттер көрсету арқылы балаларды көктем туралы не білетіндерін қорытындылау. Көктем мезгіліне байдланысты тақпақтар айту. | **«Жыл мезгілдері» д/о**<br><br>Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br>Жиналған барлық шуақтарды<br>Қонақтарға шашайық | ***Сұлу көктем***<br>*Бүршік шашып, жапырақ ашып,*<br>*Даланы гүлдер басады.*<br>*Сұлу* ***көктем*** *есігін ашып,*<br>*Шуағын бізге шашады.*<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>**Бүр-бүр-бүр-бүршік**<br>**Жас-жа-жа-жасыл** |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көктем гүлдері**<br><br>Гүлдердің қазақ тіліндегі атауын үйрету. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын дамытып, дыбыстардың дұрыс аталуын қадағалау. | Әр гүлге тоқталып атын айту,балаларға қайталату.<br>Бәйшешек – сәндік өсімдіктер. Балалар бұл бәйшешек гүлі өзі кішкентай болса да суыққа төзімді қар ерісімен шығатын түсі ақ гүл екен<br>Гүл-цветок,бәйшешек -подснежник, бақбақ-одуванчик, түймедақ-ромашка | **«Гүл сыйлаймыз»д/о**<br><br>Балаларға гүл суреттерін таратып беріп, оны өздері қалаған досына, құрбысына гүлдің атын атап, сыйлау керектігін түсіндіреді. | -Сәлеметсіздер ме!<br>-Здраствуйте!<br>-Good morning!<br>Сәлем саған Алтын Күн!<br>Сәлем саған Көк аспан!<br>СәлемсағанЖерана!<br>Сәлеммаған!<br>Сәлемсаған | Гүлсізбұлбұлсайрамас,<br>Гүлсіз дала жайнамас<br>Бізгенұрыншашады<br>Көздіңжауыналады. |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш
_______

**Циклограмма**
Ортаңғы топ
**Мамыр айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жазғы тақпақтар**<br><br>Жаз айларының атауларын атау , олардың ерекшелігін ұғындыру. Жазғы табиғат өзгерістерін бақылап , жаз байлығын , әсемдігін , сұлулығын сезіне білуге үйрету. Табиғаттыаялауға ,қамқорлықжасайбілугет әрбиелеу. | Жаз мегілі туралы әңгімелеу:<br><br>Жаз келді. Жазда күн ыстық болады. Шөптер, гүлдер, жайқалып тұрады. Балалар суға шомылады.<br><br>Жаз-лето, ыстық-жарко, | **«Бұл қай кез?»** д/о<br>Мұғалім жыл мезгілдеріне тән белгілерді атайды, балалар оның қай мезгілде болатынын атайды.<br>- Қар жауады.<br>- Жапырақтар сарғаяды.<br>- Бәйшешек өседі...<br>Біз суға шомыламыз. | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br>Жиналған барлық шуақтарды<br>Қонақтарға шашайық | **Жаз** келді жадырап,<br>Ойын-сауық құратын.<br>Далаларға,тауларға,<br>Саяхатқа шығатын<br><br>**Фонетикалық жаттығулар**<br>Сым-сым-маусым<br>Мыз-мыз-мыз-тамыз<br>Шіл-шіл-шіл-шілде |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәті | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1 мамыр Достық мерекесі**<br>Бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. | Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалардан қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралыайтып беру.<br>- «Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Сендердің достарыңның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?<br>- «Дос» сөзін қалай түсінесіңдер? | **«Достық мектебі»** қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Шарты: арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім? | Тату болсын еліміз,<br>Бүтін болсын жеріміз.<br>Бір шаңырақ астына,<br>Жиналайық, келіңіз! | Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы,<br>Жылуымды беремін<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Дос-дос-дос-достық<br>Ма-ма-ма-мамыр<br>Та-та-та-тату |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С. Кұлжанова
________

**Циклограмма**
**Ересек тобы Қыркүйек айы**

| Р/С | Тақырып және мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер, фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Менің балабақшам<br>Мақсаты:Сөйлеуді дамыту. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйрету:амандасу және қоштасу .Қызықты ойындар арқылы тіл үйренуге деген ынталарын арттыру.Балабақша өміріне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | Балабақша үйімен таныстыру.Топ бөлмесімен,оның ішіндегі жабдықтармен танысу.Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Өлең шумақтарын жаттау. | д\о Балабақша<br>Мақсаты: Балаларды суреттер бойынша әңгіме,сөйлем құрастырып дұрыс айтуға үйрету.<br>Ойын барысы: Ойын суреттер мен ойналады. Балалар қазақ тілінде өзі таңдаған суреттерді қазақ тілі бойынша атауларын атау керек. | «Қасқыр қақпан» о\ы<br>Қане,қатар тұрайық,<br>Қасқыр –қақпан құрайық.<br>Қасқыр ,қасқыр,келіп көр,<br>Қақпан,қақпан ,қауып көр. | 1. Сәлемдесу<br>«Мен бақшаға барамын»<br>Мен бақшаға барамын,<br>Ойнаймын,ән саламын.<br>Тәрбиеші апайлар,<br>Дос барлық баланың.<br>Бақ,бақ,бақ-бақша<br>Мі,мі,мі-әдемі<br>Ба,ба,ба-балабақша |
| 2 | Менің достарым<br>Мақсаты:Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.Қазақ тіліндегі сөздерді және сөйлемдерді түсініп, қолдануға үйрету. | Өзін және басқаларды сыйлау үлгісімен таныстыру; жас ерекшелігі жайлы ақпаратберу.Достыққа баулу. | «Дұрыс ата»Мақсаты: Балалардың аңғарымпаздық қасиетін дамыту, тез ойланып шешім қабылдауға үйрету. Ойын мақсаты: Әр сурет топтамасы бойынша жауап бере білуге үйрету.Сөздік қорларын молайту.Көру ,есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. | Қол алысып қане,біз.<br>Достасайық бәріміз,<br>Айтарым бар сендерге<br>Тез тұрыңдар шеңберге,<br>Қандай жақсы бір тұру. | «Менің достарым»<br>Өз үйіміз анамыз,<br>Күнде күнде барамыз.<br>Достарменен табысып,<br>Қуанысып қайтамыз.<br><br>Дос,дос,дос- достар<br>Ба,ба,ба-балалар. |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С. Күлжанова

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
**Қазан айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Менің отбасым ,ата-аналар еңбегі<br>Мақсаты:Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын ояту. Өз отбасы мүшелерін атай алуға жаттықтыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. | Отбасы мүшелерінің атауларымен таныстыру.<br>Әпке,аға,әже,ата Тәте,Көке<br><br>Отбасымүшелерін атай білуге, зат есімді жекеше түрдеқолдануға үйрету. | «Менің отбасым»<br>Мақсаты: Отбасы жайлы білімдерін тиянақтау. Қазақ тілінде отбасы мүшелері туралы сөздерді есте сақтауға үйрету.Ойын мақсаты балалар саусақтарына қуыршақтарды киіп (саусақ театрын пайдаланып) отбасы мүшелерін атайды: | «Көңілді күлкі»<br>Біздің күлкіміз көңілді,<br>Жеткізсін жылумен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім,бақытты. | «Отбасым»<br>Мені жақсы көреді,<br>Күндей күліп келеді.<br>Көп ертегіні маған,<br>Ата мен әже айтып береді.<br><br>Ә,ә,ә-әже<br>А,а,а-ата<br>Б,б,б-бала<br>Ә,ә,ә-әке<br>А,а,а-ана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Менің көшем<br>Мақсаты:Жаңа сөздерді пайдаланып,сөйлемқұрай білуге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру:жол жүру ережелерін үнемі сақтау қажеттігін ұғындыру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Макеттен көшеде кездесетін заттарды көрсете отырып аттарын атайды,балаларға,бірге және жеке айқызу.<br>-Мынау көше.Көшеде жол,бағдаршам,аялдама,ағаш,үй,балабақшабар.Жаңа сөздерді қайталап айтқызу. | «Тазалық құралдары»<br>Мақсаты:Тазалық құралдарын ажыратып айтуға үйрету.Сөздердегі тән дыбыстардың дұрыс қолданылуын қадағалау.Балаларды тазалыққа баулу. | Сергіту жаттығу<br>Мәшинем оталды,<br>Орнынан қозғалды.<br>Жолымды байқаймын,<br>Асықпай айдаймын. | «Үш көз дәу»<br>Бір басы мен өзі бар,<br>Алыптың үш көзі бар,<br>Көп сөйлемес бұл дәудің<br>Үш-ақ ауыз сөзі бар.<br>Жасыл жанса «ЖҮР»дейді,<br>Қызыл жанса «ТҰР»дейді.<br>«БАЙҚА» дейді сарғайса,<br>Басқа сөзді білмейді.<br><br>Бағ,бағ,бағ,-бағдаршам<br>Тоқ,тоқ,тоқ-тоқта<br>Ше,ше,ше-көше |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С. Күлжанова

# Циклограмма
Ересек тобы
**Қараша айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Алтын күз**<br>Күзгі табиғат ерекшелігін түсіндіріп,күз айларын дұрыс айту.Сөздік қорларын байыту,дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. | Аспанды бұлт қаптады.Жаңбыр жауды.Ағаштың жапырақтары түсті.Құстар ұшып кетті.Балалар қолшатыр ұстады. Жапырақтар түсе бастады.Күн салқындай бастады.<br>Күз- осень.<br>Жаңбыр-дождь, жапырақтар-листья | **«Жасырынбақ» д\о**<br>Балалар дыбыс білдірией тыныш отырады,бір баланың көзіне орамал байлап балалардың орынын ауыстырып,сыйпау арқылы табу. | **«Көңілді күлкі»**<br>Біздің күлкіміз көңілді,<br>Жеткізсін жылумен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім, бақытты. | Алтын сары, қызыл,көк<br>Алуан-алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп<br>Көз тартады атырап<br>**Фонеткалық жаттығу:**<br>Үз,үз,үз-күз<br>Үй-үй-үй-күй<br>Үс-үс-үс-түс |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Жемістер мен көкөністер**<br>Жемістер мен көкөністер ажырата білуге үйрету.Сөз арасында дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.Есте сақтау қабілеттерін арттыру.Қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | Көкөністер,себет, бұлт,жаңбыр,қол шатыр.<br><br>-Күзде көкөністермен жемістер піседі. | **«Себетке сал» д\о**<br>Жемістер мен көкөністер дің муляждарын балаларға таратып береді.Ортаға екі себет қойып,қай себетке жемістер мен көкөністер салу керектігін түсіндіру. | **«Қөңілді күлкі»**<br>Біздің күлкіміз қөңілді,<br>Жеткізсін жылумен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім, бақытты. | КӨКӨНІС КӨП ЕКТІК<br>ӨССІН, ПІССІН ДЕП ЕКТІК,<br>КӨКТЕМДЕ ЕККЕН КӨКӨНІС<br>КҮЗДЕ БЕРДІ КӨП ӨНІС. |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Жаңа жыл келді**<br>Жаңа жыл мерекесіндегі кейіпкерлердің қазақша аттарын үйрету.Суретке қарай отырып әңгіме құрастыру.Сөйлеу мәдениеттіліктерін қалыптастыру. | Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.<br>Жаңа жыл мерексі туралы әңгімелеу.<br>Жаңа жыл мерексіндегі қызықтар.<br>Жаңа жыл- Новый год, шырша-елка, Аяз ата-Дед Мороз, қар-снег | **«Шыршаны әсемдеу»**<br>Шыршаны ортаға қойып балаларға безендіру үшін ойыншықтарды беріп ,балалар өз ойларымен әсемдейді. | Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз бойыңды!<br>Созқолыңдытағы да,<br>Жеткізкерікмойнына | **Жаңа жыл** келгенде<br>Қуанып қарсы аламыз.<br>Аяз Ата келгенде<br>Билейміз, ән саламыз<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Жа-жа-жа-жаңа жыл<br>Аяз-аяз-аяз-Аяз ата<br>Сый-сый-сый-сыйлық |

Бекітемін:
Әдіскер Г.С. Күлжанова

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
***Желтоқсан айы***

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Менің Қазақстаным**<br><br>Туған ел туралы түсінік беру.Республикамыздағы бас қалалар,оның көркемділігі туралы айту. Туған елге деген сүйіспеншіліктерін ояту арқылы,қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.Өлең шумақтарын жаттау. | Тәуелсіздік мерекесі туралы түсінік бере отырып, «Отан» өлеңін еске түсіріп,айтқызу. Қазақстанның туы,елтаңбасы, әнұраны, картасымен таныстыру. Тәуелсіздік-независимость, рәміздер-символы, ту-флаг,қала-город,қыран-орел,жұлдыз-звезда | **«Біз саяхатқа барамыз»**<br><br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп топтагы Қазақстан туралы безендірілген бұрыштағы көріністі тамашалату.Балалардың түсінігін кеңейту. | Ортақ бізге бір Отан,<br>Төбемізде бір аспан<br>Барлық ұлттынбаласы<br>Достығымызжарасқан. | Байтақ дала – туған жердің<br>Қымбат маған әр тасы.<br>Өзен, көлі, самал желі<br>Асқар тауы, баршасы<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Қазақ-қазақ-қазақ-қазақстан<br>Ел-ел-ел-елтаңба<br>Ән-ән-ән-әнұран |

Бекітемін:
Әдіскер __________Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
**Қаңтар айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қысқы ойындар**<br>Қысқы ойын түрлерімен таныстыру.Тілге қызығушылықтарын арттыру.Жеке сөздерді дұрыс айтуларын қадағалау.Ойын арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Қысқы ойын түрлерінің шарттарын түсіндіру. | Балаларды қысқы ойындармен таныстыру. Қардан аққала жасау, шаңғы шанамен сырғану, коньки тебу.<br>Қысқы ойындарды слайд арқылы көрсету жаңа сқһдермен таныстыру.<br>Ойындар-игры, аққала-снеговик, шана-санки, шаңғы-лыжи | **«Жылы суық»**<br>Балалар шағын топқа бірігеді.Әр топқа қағаз беті беріледі.Жүргізуші бір бірлеп сурет көрсетеді сол суреттерді қағаздарынан тауып белгілей отырып жылы немесе суық екендігін айтады. | Бойыңды сергек тік ұста<br>Емін –еркін тыныста<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Сол қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Оңқол да бос тұрмасын,<br>Шеңбержасапзырласын | Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды<br>Мұз болады, қатады<br>Жып жылтыр боп жатады<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Шаң-шаң-шаң-шаңғы<br>Ақ-ақ-аққа-аққала<br>Ша-ша-ша-шана |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Қыстап қалған құстар**<br>Балалар қыстап қалған құстар туралы түсінік беру.<br>Олардың тіршілігі туралы және қоректенетін азықтарын туралы айту.Басқа құстардан айырмашылығын айтып өту.Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | Қыстап қалатын құстармен таныстыру.<br>Құстарға байланысты халық болжамдарын айтып беру.<br>Сары шымшық ысқырса,<br>Шынымен күз болады.<br>Торғай топыраққа аунаса,<br>Онда жаңбыр болады.<br>Қарғалар оңтүстікке қарап қарқылдаса,<br>Ауа райы жылы болады.<br>Солтүстікке қарап қарқылдаса,<br>Күн суық болаты,<br>Қарлығаш төмен ұшса жаңбыр болады<br>Торғай – воробей<br>Сауысқан - сорока<br>Қарға – ворона<br>Көгершін – голубь<br>Шымшық - снигирь | **«Ұшты ұшты»**<br>Балаларға ойын шартын түсіндіру.Ұшатын және ұшпайтын заттарды айта отырып ,ойынды жалғастыру.<br>Ұшты ,ұшты қағаз ұшты т.б. | Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік,<br>Тергеніңді торғайларға берейік.<br>Торғай, торғай томпаң - томпаң секірсін,<br>Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал<br>Енді міне әңгімеге құлақ сал | Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Құс-құс-құс-құстар<br>Шым-шым-шым-шымшық |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
**Ақпан айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Үй жануарлары**<br>Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын ояту.<br>Үй жануарларының пайдасы және үй жануарларының атауларын қазақ тілінде үйрету.Сөз ішіндегі қиын дыбыстарды дұрыс айтуға тәрбиелеу. | Сөйлеу барысында жануарлар мен олардың төлдерінің атауын білдіретін зат есімдерінің жекеше және көпше түрлерін (үйрек-үйректер-үйректің балапаны; түйе-түйелер-бота-боталар) қолдана білу іскерлігін дамыту және оларды топтарға қарай жіктеулуін ұғындыру.<br>Үй жануарлары-домашние животные | **«Үлкен кішкентай»**<br>Балаларға үй жануарларын үлкен және кішкентай екендігін ойын арқылы түсіндіру. | Ал, балалар, келіңдер,<br>Бой жазайық бәріміз<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Аяқтармен топ-топ басып,<br>Орнымызғабарамыз. | Мені анам ботақан дейді.<br>-Мені анам қошақан дейді.<br>-Менiанамқұлынымдейді.<br>-Менiанамбалапандейді.<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Бұз-бұз-бұз-бұзау<br>Бала-бала-бала-балапан<br>Бо-бо-бо-бота |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Қысқы аңдар**<br>Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту, сөйлем құрастыра білуге үйрету. Жабайы аңдардың аттарын қазақ тілінде дұрыс айта білуге жаттықтыру.Жабайы аңдарға байланысты тақпақ, жұмбақты пайдалана отырып, әңгіме құрауға үйрету. | Аю қысқы ұйқыға кетеді. Ол жаз бойытабанынажина ғанмайын жалапжатады.<br>• Қасқыр, түлкі - жыртқышандар. Оларөздеріненәлсіз жануарларды ұстапқоректенеді.<br>• Сұрқоянқыстатүсінө згертеді. Аппаққоянболыпаға шбұтақтарын кеміріпкүнелтеді. Қасқыр-волк,қоян-заяц, түлкі-лиса, аю-медведь | **«Кім жылдам?»** ойынын шапшаңдыққа баулу үшін ойнаймыз. Үстінде аңдардың суреттері жатыр. Соларды үй жануарлары және жабайы аңдар деп екіге бөліңдер. Соларды тез жинау. | Табиғат –<br>біздің анамыз,<br><br>Табиғатқа баламыз!<br><br>Иіліп сәлем береміз,<br><br>Біз әдепті баламыз! | Секірейік,секірейік<br>Ұзын құлақ қоянша<br>Шаршағанды кетірейік<br>Болар сонда бәрі тамаша<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Қас-қас-қас-қасқыр<br>Тү-тү-тү-түлкі<br>Қо-қо-қо-қоян |

Бекітемін:
Әдіскер Ж.Ж.Қалмұқаш
__________

**Циклограмма**

**Ересек тобыНаурыз айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Көктем құстары** Сурет бойынша сөйлем құрап, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Көктемде келетін құстарды бақылатып, оның ерекшеліктерін түсіндіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | Көкек-бұл өз атын шақыратын құс. Бұның жаман қасиеті жұмыртқа баспай-ды. Өзінің жұмыртқасын басқаға салып кетеді. Ұзақ-көктемде алғаш ұшып келетін құс. Бұл құсты көктем жаршысы дейміз. Қарлығаш- қасиетті құс дейді. Оған жамандық жасауға болмайды. Қарлығаш адамның досы. Тырна- бұл құстың аяғы ұзын болып келеді. Тырналар үшбұрыштанып ұшады. Тырна келген соң жер жыртуға болады-дейді ауылдың кісілері. Аққу- бұл киелі құс. Аққу көлде жүзеді. Аққу өте әдемі құс. Аққу тек екеу болып жүреді. | **«Қандай құстар келеді?»** Міне балалар, біздің орманымызға құстар келіп қонбақшы. Бірақ олар орманға келу үшін сіздерге арналған жұмбақтары бар екен, соны шешейік. Кім көп жұмбақ шешсе сол жеңімпаз. | Ал, балалар, келіңдер,<br>Бой жазайық бәріміз<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Аяқтармен топ-топ басып,<br>Орнымызғабарамыз. | Бұдыр-бұдырбалшықты.<br>Жинаймын мен талшықты.<br>Ұқсатыпқамытқа<br>Ұясаламынжабыққа.<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Ақ-ақ-ақ-аққу<br>Кө-кө-кө-көкек<br>Ты-ты-ты-тырна |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Көктем тақпақтар** Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беріп, тақпақтар жаттатқызу арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу | Көктем мезгілінде келетін құстарды айту, көктем мезгілін балаларға суреттер арқылы көрсету бейнелеп беру. Көктем айларымен таныстыру. Наурыз Сәуір Мамыр Көктем-весна, күн жылынды-дни станут теплыми,қар еріді-тает снег, науры-март, сәуір-апрель, мамыр-май | **«Жыл мезгілдері» д/о** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. | Алақанды ашайық<br>Күн нұрын салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br>Жиналған барлық шуақтарды<br>Қонақтарға шашайық | **Көктем** болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады,<br>Бақшаға гүлдер толады.<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Кө-кө-кө-көктем<br>Құс-құс-құс-құстар |

Бекітемін:
Әдіскер ___________ Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
**Сәуір айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Санамақтар**<br>Балаларды санамақтар айтуға үйрету. Ұқыптылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. | Магниттік тақтадағы цифрларды көрсете отырып, 1- ден 5 ке дейін тура және кері санату.<br>Санамақ- считалка, бір-один, екі-два,үш-три, төрт-четыре, бес-пять | **«Көтермек»**<br>Ортаға екі бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші болып көтереді сол жеңіске жетеді. | Айтар болсам саралап<br>Көп қой түрлі санамақ<br>Бір дегенім – бір саусақ<br>Екі дегенім – екі саусақ<br>Үш дегенім – үш саусақ<br>Төрт дегенім –төрт саусақ<br>Бес дегенім – бес саусақ | Бір дегенім- балапан<br>Екі дегенім-ешкі<br>Үш дегенім- үйрек<br>Төрт дегенім-түйе<br>Бес дегенім-бақа<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Сана-сана-сана-санамак<br>Тө-тө-тө-төрт |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жайлауда**<br>Жайлау және оның орналасқан жері, ағаш үйдің құрылысымен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрап өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйрету. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. | Балалар, көктем мезгілінде ата-әжелеріміз үй жануарларын алып жайлауға кетеді. Балалар, жайлау деп-күн жылығанда көктемде,жазда үй жануарлары жайылатын,шөп жейтін жерді жайлау деп атаймыз. Көктем-весна, бота-верблюжонок, шөп-трава | Дидактикалық ойын. Малдан алынатын өнімдерді табу. Сәйкестендіру әдісі арқылы қай малдан қандай өнім алынатынын көрсету. | Армысың, асыл күн!<br>Армысың,көк аспан!<br>Армысың,жан досым!<br>Жылуыма жылу қос | Кіп-кішкене момақан,<br>Қошақанды ұнатам<br>Сүйеді апам «қозым»деп,<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Жа-жа-жа-жайлау<br>Бо-бо-бо-бота |

Бекітемін:
Әдіскер ___________ Ж.Ж.Қалмұқаш

**Циклограмма**
**Ересек тобы**
**Мамыр айы**

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **1 мамыр Достық мерекесі** Бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. | Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалардан қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралыайтып беру.<br>- «Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>- Сендердің достарыңның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?<br>- «Дос» сөзін қалай түсінесеміз | **«Достық мектебі»** қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Шарты: арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық мектебіне жеттік біз. | Тату болсын еліміз,<br>Бүтін болсын жеріміз.<br>Бір шаңырақ астына,<br>Жиналайық, келіңіз! | Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы,<br>Жылуымды беремін<br><br>**Фонетикалық жаттығулар:**<br>Дос-дос-дос-достық<br>Ма-ма-ма-мамыр<br>Та-та-та-тату |

| Р/С | Мақсаты | Жаңа сөздер мен сөйлемдер | Дидактикалық ойындар | Сергіту сәт | Өлеңдер,фонетикалық жаттығу |
|---|---|---|---|---|---|
